

Жылқы өсіру технологиясы

Орындаған: БЕКСЕИТОВ АРАПБАЙ

Қабылдаған: ШАКИРЖАНОВА ИНЗИРА


Жоспары

1. Жылқының шығу тегі, өмір сүру мерзімі мен кезеңдері
2. Жылқы қолтұқымдары
3. Жылқыны өсіру технологиясы
4. Өнімді жылқы шаруашылығының технологиясы
5. Табынды жылқы шаруашылығының технологиясы

Жылқының шығу тегі

Жылқы тарихы осыдан 65 млн. жыл бұрын (алғашқы эоцен) өмір сүрген арқасы бүкіш, құйрығы ұзын көлемі қанден ит сияқты хайуаннан (эохипус немесе хирокетрия) бастау алады. Бұл хайуанның алдыңғы қолдарында төрт саусағы, артқы тұяқтарында үш саусағы болған, табанын тіреп жүріп бұталар мен жас ағаштардың жапырақтарымен коректенген.

Миоцен кезеңінде 25 млн. жыл бұрын. ауа райының өзгеріп, ағашты ормандар, бұталы балаусалы ұзын шөпті алқаптар құрғақшылыққа ұшырап, жер беті кеуіп. тау- тасты далалардың пайда болуына байланысты жылқының арғы тегін де өзгертті. Тұрпаты қазіргі пониге, бас сүйегі мен тісі қазіргі жылқыға ұқсас, жұмсақ айыр тұяқтары қатты тұяққа айналып, секіріп, жылдам жүретін болды




Өмір сүру мерзімі мен кезеңдері

Жылқы төлдерін былай бөледі: құлын (биенің жас төлі), жабағы (6 айдан асқан құлын), тай (1 жастан асқаны) деп атайды.

Ал бұдан әрі ұрғашы жылқыны яғни байталды: құнажын байтал (2 жастан асқаны), дөнежін шығар (3 жастағы байтал), дөнежін байтал (3 жастан асқаны), бесті бие (4 жастан асқаны), қасабалы бие (7 – 8 жастағы бие), кәртамыс бие (11 – 14 жастағы бие), жасаған бие (20 жастан асқан бие), т.б. атайды.

Піштірілмеген еркек жылқының яғни айғырдың атаулары: құнан айғыр (2 жастан асқаны), дөнен айғыр (3 жастағысы), сәурік айғыр (3 – 4 жастағы үйірге салынбағаны), бесті айғыр (5 жастағысы), сақа айғыр (11 – 12 жастағысы), т.б.



Жылқы тұқымдары

Қазақстанның жылқы өсіретін асыл тұқымды шаруашылықтарында жылқының 20-ға жуық қолтұқымы өсіріледі.

Қазақы жылқы. Қазақстанда ерте кездерден бастап, өсіріп келе жатқан қолтұқымның бірі - қазақы жылқы. Оның негізгі тобын - «жабы» деп атайды. Бұл қолтұқым көлік малы ретінде және еті, сүті үшін де өсіріледі. Дене бітімі шымыр, қатаң ауа райына төзімді. Жыл бойы жайылымда, жемшөп талғамайды, тез қонданады, салт мінуге ыңғайлы. Ең байырғы тұқымы нашар қазақы жылқы - жабы. Оның шоқтығына дейінгі биіктігі - шамамен 145 см, тұрқы - 150 см, салмағы - 460-470 кг. Жайылымда семіртілсе, одан 230-250 кг таза ет алынады. Жабы жылқылары Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақмола аймақтарында өсіріледі.

Адай жылқысы. Қазақстанның батыс аймақтарында ертеден өсіріп келе жатқан қолтұқымы – адай жылқысы. Жергілікті халық «дала көркі» деп ерекше дәріптейді. Оны салт мініс көлігі ретінде пайдаланады.

Көшім жылқысы. Көшім жылқысы да халықтық сұрыптау нәтижесінде Батыс Қазақстан аймағында шығарылған. Жергілікті биелерді басқа асыл тұқымды айғырлармен жұптастыру арқылы алынған қолтұқым.

Қостанай жылқысы. Қостанай және Ресейдің Челябині аймақтарында өсіріледі. 1951 жылы өз алдына жеке қолтұқым ретінде бекітілген. Жергілікті қазақы жылқылардың биелерін асыл тұқымды қалмақ, дән, орлов жылқыларының айғырларымен жұптастыру арқылы шығарылды. Бұл қолтұқым тебінге төзімсіз.

Қазақстанның батыс өңірінде соңғы жылдары жылқының - мувалжар қолтұқымы шығарылды. Ол негізінен етті және сүтті бағытта өсіріледі. Биелері жылына 3000 литрдей сүт береді.

Қазақстанда жоғарыда аталған қолтұқымдардан басқа жон, желғор, қарабайыр, буденный, түрікменнің ахалтекесі жылқылары өсіріледі. Жылқы малын тек көлік ретінде ғана емес, оның дәмді еті, шипалы қымызы үшін де өсіреді.

Породы лошадей (верховые зарубежной селекции)



Андалузская порода лошадей



Кабардинская порода лошадей



Миссурийский фокстроттер



Чистокровная верховая порода



Тракененская порода



Чистокровная верховая



Арабская



Донская



Ахалтекинская



Буденновская



Карабаирская

Жылқыны өсіру технологиясы



ЖЫЛҚЫ ӨСІРУ – жылқы шаруашылығы – мал шаруашылығының негізгі бір саласы. Бұған жылқы санын көбейту, сапасы мен өнімін арттыру, әр түрлі мақсаттарда (ет және қымыз өндіруге, күш көлігі ретінде, спорттық жарыстарға қосуға, шет елдерге сатуға, т. б.) тиімді пайдалану жатады. Ж. ө. және бие сауу қазақ халқының ата кәсібі болып табылады. Қазақ халқы жылқыны үйірге (25–30 бие) бөліп, жақсы тұқымнан айғыр салатын болған. Мұндай айғырлар үйірін шашау шығармай, ит-құсқа жегізбей, қысы- жазы қорғайды. Бірнеше үйір қосылып қос құраған. Бір қоста 500-ден 1000-ға дейін жылқы болады. Айғырдан шыққан биелер 10 айдан кейін (сәуір-мамыр айларында) құлындайды. Құлындар отығып, жетілген кезінде байланып, бие сауылады. Алғашқы кезде бие тәулігіне 3 немесе 4 рет сауылады, ал онан кейін саууды көбейте береді (5 – 6 ретке дейін). Ағытылған бие құлынымен бірге жайылымда бағылады. Қазақ халқы биені 6 ай бойы сауады. Бие қымызының хим. құрамы үнемі тұрақты бола бермейді, ол малдың физиол. күшіне, азықтандырылуына, күтіп-бағылуына және тұқымына қарай өзгеріп отырады. Қымызда 1,8–2,2%-тей белок болады, сондай-ақ адам денсаулығына қажетті витаминдердің барлығы кездеседі.

Өнімді жылқы шаруашылығының технологиясы

Жылқы еті азық түлік тамағы, оның химиялық құрамы, калориясы, нәрлігі және дәмділік сапасы. Жылқы етінің қазіргі стандартының талабы. Бие сүті азық түлік тағамы, оның химиялық құрамы, нәрілігі және қасиеті. Сауын биелер мен құлындарды күтіп бағу және азықтандыру. Биелерді сүт өнімділігі бойынша селекциялау. Биелерді қолмен және машинамен сауудың техникасы мен оны ұйымдастыру.

Табынды жылқы шауашылығының технологиясы

Табынды жылқыны өсіру. Жазғы, күзгі, қысқы және көктемгі кезеңдерде жылқыны табында ұстау. Құлынды таңбалау



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!!!

